


| | | |
|--|--|-------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА» | |
| | «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес | Жылдық есеп |

**С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
жанындағы 6D110200, 8D10101, 8D139 – «Қоғамдық денсаулық сақтау»
мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің
2023 жылғы жұмысы туралы есеп**

1. Өткізілген отырыстар саны – 11.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері – жоқ.


«Диссертациялық кеңестердің тұрақты құрамын бекіту туралы» ҚазҰМУ ректорының 2021 жылғы 16 маусымдағы № 313 бұйрығымен бекітілген ДК-тің тұрақты мүшелері:

Төраға – медицина ғылымдарының докторы, профессор Кульжанов М.К.; төрағаның орынбасары – медицина ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Нұрбақыт А.Н.; ДК мүшесі – PhD, қауымдастырылған профессор Кошербаева Л.К., ғалым хатшы – PhD, доцент Құмар А.Б.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері әр қорғауға ректордың бұйрығымен төрағаның ұсынысы бойынша проректордың келісуімен бекітілді. Әр қорғау үшін Кеңеске бір шетелдік ғалым қатысты.


3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» 6D110200, 8D10101, 8D139 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңесте 2023 жылы 11 диссертациялық жұмыс қарастырылды (1-кесте). Оның ішінде: С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ докторанттары – 4, «ҚДСЖМ» КМУ – 4, М.Оспанов атындағы БҚММУ (Ақтөбе қ.) – 2, Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университетінен – 1.

| | | |
|---|--|-----------------------------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА» | |
| | «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес | Жылдық есеп |
| | | Редакциясы: 1 15 беттің 2 беті |

1-кесте. Докторанттар тізімі

| № | Т.А.Ж. | Диссертация тақырыбы | Ұйым | Ғылыми кеңесшілер | Шетелдік кеңесші | Қорғау күні |
|---|--|--|--|---|---|-------------|
| 1 | Абдикадыр Максат | Церебральді сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру | «ҚДСЖМ» Қазақстандық Медицина Университеті | Кульжанов М.К. – м.ғ.д., «Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі» ҚМУ профессоры Айтманбетова А. А. – м.ғ.к., «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеаҚ қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасының доценті | Қызайбек Мұрат — медицина ғылымдарының докторы, профессор, XinJiang Medical University (Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданы, ҚХР). | 31.01.2023 |
| 2 | Айтмағанбет Перизат Жақсыбайқызы | Мұнай-газ өндіруші аймақ тұрғындары денсаулығы қалыптасуының медициналық-әлеуметтік аспектілері (Жаңажол мұнай-газ кешені мысал ретінде) | М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті | – Сабырахметова В.М. – м.ғ.к., С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, Патологиялық физиология кафедрасының доценті; – Калдыбаев К.К. — м.ғ.к., АЕҚ «Марат Оспанов атындағы БҚМУ», Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау кафедрасының доценті. | Тадевосян Н.С. – м.ғ.к., М. Гераци атындағы ЕММУ Ғылыми-зерттеу орталығы, Токсикология және қоршаған орта гигиенасы зертханасының аға ғылыми қызметкері (Армения). | 18.05.2023 |

| | | |
|---|--|-------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА» | |
| | «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес | Жылдық есеп |
| | Редакциясы: 1 15 беттің 3 беті | |

| | | | | | | |
|---|--|---|--|---|--|------------|
| 3 | Тулепбергенов Гани Кунанбаевич | Оптимизация организации аритмологической помощи пациентам с фибрилляцией предсердий | С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті | Оспанова Д.А.– м.ғ.д., асс.профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің фундаменталды медицина кафедрасының «Мейіргер ісі» курсының меңгерушісі | Пуоджюкинас А.Л., м.ғ.д., профессор, Литва Денсаулық Ғылымдары университетінің Аритмология бөлімшесінің меңгерушісі (Литва) | 18.05.2023 |
| 4 | Сулейменова Меруерт Досымжанқызы | Совершенствование организационных принципов в преодолении бесплодия при помощи вспомогательных репродуктивных технологий | «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті | Локшин В.Н. – м.ғ.д., профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, «PERSONA» ХҚКО директоры; Глушкова Н.Е.– PhD докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ эпидемиология, биостатистика және дәлелді медицина кафедрасының профессорының м.а. | Милан Терзич — PhD, Питтсбург университетінің медициналық мектебінің акушерлік, гинекология және репродуктивті ғылымдар кафедрасының доценті, Назарбаев Университеті медицина мектебінің хирургия, акушерлік және гинекология кафедрасының профессор және басшының м.а. (Питтсбург, АҚШ) | 20.06.2023 |
| 5 | Асқаров Даулет Медғатұлы | Научно-методические подходы комплексной оценки качества окружающей среды и здоровья населения на территориях, подверженных воздействию пусков ракет – носителей | С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті | Изекенова Айгүлсум Кулынтаевна – PhD, АИТВ-инфекциясы курсы бар эпидемиология кафедрасының | Перевалов А.Я., м.ғ.д., профессор, Ресей Денсаулық Сақтау Министрлігі Акад. Е. А. Вагнер атындағы Пермь мемлекеттік | 29.06.2023 |



**«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»**

«Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
диссертациялық кеңес

Жылдық есеп


Редакциясы: 1

15 беттің 4 беті

| | | | | | | |
|---|---|--|--|--|---|-------------|
| | | | | қауымдастырылған профессоры; Амрин Мейрам Казиевич - асс. профессор, м. ғ. к., ҚР ДСМ «ҚДСҮО» ШЖК РМК «СЭСМҒО» филиалының ХЫББЖҒБМБ –ның басшысы. | медицина университеті балалар мен жасөспірімдердің тамақтану және гигиена кафедрасының меңгерушісі (Ресей) | |
| 6 | Доскабулова Дария Толеуқызы | Батыс Қазақстан қалаларының балалары мен жасөспірімдерінің денсаулығы және оны сақтау мен нығайту бойынша іс-шаралар әзірлеу | М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті | Мамырбаев А.А. – м.ғ.д., «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университеті» КеАҚ, «Кәсіби аурулармен гигиеналық пәндер» кафедрасының профессоры (Ақтөбе қ., Қазақстан) | Тадевосян А.Э. – м.ғ.д., профессор, Мхитар Гераци атындағы Ереван мемлекеттік медицина университеті, қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтауды ұйымдастыру кафедрасының меңгерушісі (Армения). | 30.06.2023 |
| 7 | Танирбергенова Акмарал Айдаркуловна | Ірі қала жағдайында қант диабетінің медициналық-әлеуметтік және экономикалық салдарын болжау | С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті | Камалиев М.А. – м.ғ.д., профессор, «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университетінің «Денсаулық сақтау саласының менеджменті» кафедрасының меңгерушісі; Аканов Ж.А. – м.ғ.к., доцент, «ААА» медициналық | Shigeo Kono — м.ғ.д., профессор, Қант диабеті бойынша ДДСҮ-ның ынтымақтастықтағы орталық директоры, Ұлттық госпиталь ұйымы (Киото, Жапония) | 03.07. 2023 |

| | | | |
|---|--|-------------|-----------------------------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА» | | |
| | «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес | Жылдық есеп | Редакциясы: 1 15 беттің 5 беті |

| | | | | | | |
|---|-----------------------------|--|--|--|---|-------------|
| | | | | клиникасының директоры, ҚР ДСМ бас штаттан тыс эндокринологы. | | |
| 8 | Жакупова Майя Нурдаулетовна | Совершенствование медико-социальной помощи детям инвалидам с детским церебральным параличом на уровне первичной медико-санитарной помощи | Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университеті | Оспанова Д.А.– м.ғ.д., асс.профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің фундаменталды медицина кафедрасының «Мейіргер ісі» курсының меңгерушісі; Нурбақыт А.Н. — м.ғ.к., профессор, НАО «КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова», профессор кафедры общественного здоровья. | Жильвинас Падайга, MD, PhD, профессор, UAB «DIAVERA», директор (Литва) | 28.08. 2023 |
| 9 | Таштитова Ляйля Болатовна | Научное обоснование механизмов организации офтальмологической помощи больным с глаукомой | «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті | Алдашева Н.А. - м.ғ.д., профессор, «Құрмет Белгісі» ордені Қазақ көз аурулары ғылыми зерттеу институты» ЖШС бас директоры, Ауезова А.М. – PhD, «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті ректорының кеңесшісі; Утеулиев Е.С. - м.ғ.к., Инновациялық | Канушина М.Е. - директор, AC Institute of international education, доктор PhD, MBA, Prague, Czech Republic. | 28.08. 2023 |

| | | | |
|---|--|-------------|------------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА» | | |
| | «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес | Жылдық есеп | Редакциясы: 1 |
| | | | 15 беттің 6 беті |

| | | | | | | |
|----|-----------------------------|--|--|--|---|------------|
| | | | | технологиялар және зерттеулер ғылыми орталығы Директорлар кеңесінің төрағасы | | |
| 10 | Искакова Балнур Аманкуловна | Measuring HIV-related stigma in healthcare settings | С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті | Нугманова Жамиля Сакеновна – м.ғ.д., С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ АИТВ-инфекциясы курсымен эпидемиология кафедрасының профессоры. | Elizabeth J.King, PhD, Associate Professor at the Department of Health Behavior and Health Education, University of Michigan (USA). | 10.10.2023 |
| 11 | Кабылбекова Алия Кайратовна | Комплексная оптимизация мероприятий по оказанию медицинской помощи детям с врожденной катарактой | «ҚДСЖМ» Қазақстан медицина университеті | Арингазина А.М. – м.ғ.д., профессор, AlmaU Sharmanov School of Health Sciences, Алматы Менеджмент Университеті (Алматы қ., Қазақстан); Ауезова А.М. – PhD, «ҚДСЖМ» Қазақстан медицина университетінің Ректор м.а. | Мейрманов Серик Касымханович - м.ғ.д., профессор, Ритцумейкан Азия-Тынық мұхиті университеті (Беппу қ., Жапония). | 24.11.2023 |



4. Жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) **Абдикадыр Максам** – Церебральді сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру.

Балалар церебральды сал ауруымен пациенттердің денсаулығын қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру жұмысының мақсаты болып табылатын берілген ғылыми зерттеу жұмысының өзектілігі ғылымның даму бағытына және мемлекеттік бағдарламаға сәйкес. Диссертациялық жұмыс қоғамдық денсаулық сақтаудың ағыны ұзақ мерзімді, үздіксіз медициналық қолдау мен реабилитациялық көмекті қажет ететін пациенттермен байланысты міндетін шешуге бағытталған.

Зерттеу нәтижелері бойынша:

- Церебральды сал ауруымен науқас балалардың медико-әлеуметтік статусы, клинико-диагностикалық сипаты, олардың этиопатогенездік факторларға тәуелділігі анықталды.

- Қазіргі қоғамдағы церебральды сал ауруымен науқас балаларды тәрбиелейтін отбасылардың әлеуметтік-гигиеналық сипаты анықталды.

- Мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді қалпына келтіру көмегін ұйымдастырудың медициналық орталық деңгейіндегі үлгісі ұсынылып, тиімділігі анықталды.

- Церебральды сал ауруымен мүгедектігі бар баланы тәрбиелеуші отбасылардың әлеуметтік-гигиеналық сипатын, олардың медико-әлеуметтік көмекпен қамтамасыз етілуін зерттеу осы отбасыларында шешілуі тиіс мәселелері мен мұқтаждарын анықтауға мүмкіндік берді.

Жұмыс церебральды сал ауруымен балаларды тәрбиелейтін отбасыларды әлеуметтік-гигиеналық зерттеу олардың ұзаққа созылатын қалпына келтіруді қолдау көмегіне мұқтаждығын анықтады. Науқас баланың өмір сүру сапасының деңгейі ата-ананың, анағұрлым, тиімді әрі қолжетімді қалпына келтіру көмек кешеніне сұранысын негіздейді. Балалар церебральды сал ауруымен науқастың медико-әлеуметтік статусын, клинико-диагностикалық ерекшеліктерін, көмектің ұйымдастырылуымен қанағаттану деңгейін зерттеу интегративті көмек көрсетуді қамтамасыз ететін түзету-қалпына келтіру көмегін жетілдіруді ұйымдастыру үлгісін құруға негіз болды.

2) **Айтмағанбет Перизат Жақсыбайқызы** – «Мұнай-газ өндіруші аймақ тұрғындары денсаулығы қалыптасуының медициналық-экологиялық аспектілері (Жаңажол мұнай-газ кешені мысал ретінде)».

Диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің мақсаттық қаржыландырылуы бойынша жүзеге асырылған. Диссертация тақырыбы мұнай-газ өндірісінің әсерінен тұрғындар денсаулығы жай-күйінің өзгеруінің сапалық және сандық



көрсеткіштерін айқындау аумақтық, әсіресе жергілікті деңгейлерде тұрғындар денсаулығын қорғау саласындағы саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу үшін негіз болды.

Зерттеу нәтижесінде зерттелуші ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайларын бағалау нәтижесі жергілікті басқару жүйесін жүзеге асыруда стратегиялық жоспарды игеруде кілттік негізге алынса, денсаулық жағдайына баға беру және зерттеу, барлық міндеттер бойынша алынған объективті көрсеткіштер тұрғындар денсаулығын қорғау және жақсарту жөніндегі санитариялық-гигиеналық және медициналық-профилактикалық іс-шаралар жүйесін жасақтауға мүмкіндік берді. Статистикалық-аналитикалық материалдар экология, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтерінің департаменттерімен қоршаған ортаны қорғау және қоғамдық денсаулықты сақтау мәселелерін шешуде қолданылды және медициналық экология пәнін оқытуда пайдаланылды. Техногендік ластанудың тұрғындар денсаулығының жай-күйіне әсерін айқындау және қоршаған ортаның сапасын басқарудың медициналық-экологиялық ұсынымдарын негіздеу үшін ғылыми негізделген критерий (эко қауіптілік) денсаулық сақтаудың практикалық саласына енгізілді.

3) Тулепбергенов Гани Кунанбаевич – Оптимизация организации аритмологической помощи пациентам с фибрилляцией предсердий.

Жұмыстың тақырыбы атриалды фибрилляциясы бар науқастарды емдеуге деген ұмтылысына әсер ететін негізгі факторлар анықталды, олар этиопатогенез, АФ емдеу туралы білімді кеңейтуге, үнемі еске салу негізінде өзін-өзі бақылауды күшейтуге, сондай-ақ клиникалық, экономикалық және медициналық-әлеуметтік тиімділіктің артуына әкелетін ортақ мүдделері бар топтарға біріктіруді негіздейді.

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша пациенттерге терапевтік оқыту жүргізу үшін әзірленген "жүрекшелер фибрилляциясы бар науқастарға арналған мектептер" бағдарламасын пайдалану ұсынылды. Жүрекшелер фибрилляциясы бар пациенттерге динамикалық бақылау жүргізу кезінде пациенттердің ауру туралы хабардар болуын және олардың дәрілік терапияға бейімділігін жалпы қабылданған клиникалық параметрлерге қосымша бағалау ұсынылды. Пациенттерге арналған жүрекшелер фибрилляциясы мектебін және "менің Терапиям" мобильді қосымшасын қолдану клиникалық, экономикалық және медициналық-әлеуметтік тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік берді.

4) Сулейменова Меруерт Досымжанқызы – Совершенствование организационных принципов в преодолении бесплодия при помощи вспомогательных репродуктивных технологий.



Жұмыс тақырыбы бедеулігі бар жұптарға бағытталған бастапқы медициналық-санитариялық көмек мамандарының специалист сабақтастығын жақсарту, қосалқы репродуктивті технологиялар әдісімен емдеуді ұйымдастыруды жетілдіру арқылы бедеулікті тиімді және қауіпсіз емдеуге қолжетімділікті арттыру осы зерттеудің мақсаты мен міндеттерін таңдауды айқындаған өзекті мәселе болып табылады.

Жұмыстың нәтижелерін практикалық іс-әрекетке енгізу деңгейі акушер-гинеколог дәрігерлерге бедеулікті диагностикалау мен емдеуді жақсарту бойынша тоқсанына 1 рет (үздіксіз оқыту) онлайн вебинарлар әзірленіп, өткізілгенімен, бұдан әрі ЖПД үшін ұсынылғанымен көрсетіледі. Бедеулікті басқару алгоритмі туралы әдістемелік ұсыныстар жасалды. ҚР ДСМ үшін ҚРТ бағдарламаларының санын ұлғайту және МӘМС бойынша бедеулігі бар пациенттерді қамтамасыз ету үшін іріктеу критерийлерін кеңейту ұсынылды. ҚРТ циклдарының мониторингі үшін цифрлық тіркелім әзірленді және енгізілді; ҚР үшін міндетті регистр енгізу ұсынылды. Психоэмоционалды мәртебені және психологиялық қолдау маманына жолдаманы анықтау үшін бедеулікті емдеуге мұқтаж пациенттерге арналған сауалнама әзірленді және енгізілді (авторлық құқық №25647). Өзін-өзі бағалау және ҚРТ клиникаларын сыртқы бағалау үшін ҚРТ тиімділігін бағалау индикаторлары әзірленді және ұсынылды (авторлық құқық №34349).

5) Асқаров Даулет Медғатұлы – Научно-методические подходы комплексной оценки качества окружающей среды и здоровья населения на территориях, подверженных воздействию пусков ракет – носителей.

Жұмыстың өзектілігі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заң 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабына негізделген. Тақырып мемлекет адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғауды мақсат ететінін көрсетеді.

Гигиеналық және медициналық зерттеулердің әзірленген жүйеленген әдіснамалық тәсілдері тасығыш зымырандардың ажырау бөліктерінің құлау аудандарына іргелес жатқан қазақстандық аумақтарда апатынан әртүрлі уақыт бөліктерінде апат салдарың уақтылы бағалауға көмектеседі. Бұл Қазақстан Республикасындағы өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, зымыран-ғарыш қызметінің әсеріне ұшыраған аумақтарда денсаулық сақтау және экологиялық қауіпсіздік саласында басқарушылық шешімдер қабылдау жөнінде ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Зымыран-ғарыш қызметінің әсер ету аудандарындағы халық денсаулық жағдайының скринингтік және терендетілген зерттеу нәтижелерін, ұсынылған диагноздарын, емдеу және оналту жөніндегі ұсынымдарды аймақтық денсаулық сақтау ұйымдарына берілді.



6) *Доскабулова Дария Толеукызы* - Батыс Қазақстан қалаларының балалары мен жасөспірімдерінің денсаулығы және оны сақтау мен нығайту бойынша іс-шаралар әзірлеу.

Жұмыс тақырыбы Қазақстанда салауатты өмір салтын қалыптастыру саясатының басым бағыты болып табылатын балалар мен жасөспірімдердің өмір салтының қауіп факторларының таралуы бойынша ұлттық кең ауқымды зерттеумен негізделеді.

Балалар мен жасөспірімдерге медициналық емес детерминанттардың әсерін бағалау мектептердегі оқу-тәрбие процесін сауықтыру және балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайту жөніндегі кешенді ісшараларды дайындауға мүмкіндік берді. Зерттелген аймақтардың атмосфералық ауасының ластану жағдайын бағалау балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына әсерін анықтап, санитарлық-гигиеналық іс-шараларды әзірлеуді ұсынуға мүмкіндік берді. Оқу-тәрбие процесін сауықтыру бойынша мектеп оқушыларының денсаулығын нығайтуға және тағамтану саласы бойынша сауаттылығын арттыруға ықпал ететін Мектеп Батыс Қазақстан аймағының мектептерінде енгізілді.

7) *Танирбергенава Акмарал Айдаркуловна* – Ірі қала жағдайында қант диабетінің медициналық-әлеуметтік және экономикалық салдарын болжау.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) «Диабет бойынша жаһандық баяндамасы» диабет мәселесінің ауқымды екендігін және қазіргі жағдайды өзгерту үшін зор әлеуеттің болуын атап көрсетеді. Диабетпен күресуде келісілген іс-қимылдарды қабылдау үшін саяси негіз қалыптасты және ол тұрақты даму сатысында, 2011 ж. «Біріккен Ұлттар Ұйымының жұқпалы емес аурулар бойынша Саяси декларациясында» және 2013-2020 жылдарға арналған «ДДСҰ-ның жұқпалы емес аурулар бойынша жаһандық іс-қимыл жоспарында» белгіленген.

Зерттеудің тәжірибеге енгізілуі денсаулық сақтау жүйесі деңгейінде: Диссертациялық жұмыстың нәтижелері Алматы қаласының қалалық емханалары мен медициналық-әлеуметтік сараптама қызметінде сырқаттанушылық жөніндегі мәліметтер базасын құрып, оларды динамикада бақылауға, медициналық және әлеуметтік мәселелерін айқындауға мүмкіндік бере отырып, ҚД ауыратын науқастарға медициналық- әлеуметтік көмекті жетілдіруге ықпалын тигізеді. Медициналық ұйым деңгейінде: Зерттеу нәтижесінде анықталған қауіп факторларын медико-әлеуметтік көмек көрсететін медициналық ұйымдарда ҚД дамуын болжау мен алдыналуда анықтауыш ретінде талдауға болады. Диссертациялық жұмыс барысында арнайы құрастырылған сауалнамалық бағдарламаны ҚД әсерінен



сырқаттанған немесе мүгедектікпен науқастардың медициналық-әлеуметтік мәселелерін анықтау құралы ретінде пайдалануға болады.

8) **Жакупова Майя Нурдаулетовна** - Совершенствование медико-социальной помощи детям инвалидам с детским церебральным параличом на уровне первичной медико-санитарной помощи.

Жұмыс тақырыбы мүмкіндігі шектеулі балаларға қамқорлық жасау Қазақстанның денсаулық сақтау саласындағы басым міндеттерімен зерттеумен негізделеді. Диссертация УДК616.831-009.11, мемлекеттік тіркеу №AR05130474, инв. № 0215PK02438 «Қазақстан Республикасындағы церебральды сал ауруының эпидемиологиясы және даму қауіп факторларын бағалау» жобасы аясында орындалған.

Жұмыстың нәтижелерін практикалық іс-әрекетке енгізу церебральды сал ауруының белгілерін ерте анықтаудың кешенді бағдарламасын әзірлеуден тұрады, бұл алғашқы медициналық - санитарлық көмек деңгейінде церебральды сал ауруы бар балаларға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіруге мүмкіндік берді. Жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде оңалтуды уақтылы жүргізуге бағытталған медициналық-әлеуметтік іс-шараларды негіздеу және әзірлеу үшін халықты практикалық денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау органдары мен ұйымдарына қажет әртүрлі патологиясы бар мүгедек балаларға медициналық-әлеуметтік көмектің динамикасы, деңгейі, себептері мен құрылымы, жай-күйі туралы деректер алынды.

9) **Таушитова Ляйля Болатовна** - Научное обоснование механизмов организации офтальмологической помощи больным с глаукомой.

Жұмыс тақырыбы глаукоманы ерте анықтаудың скринингтік бағдарламасын енгізу оның медициналық, әлеуметтік және экономикалық тиімділігіне үнемі мониторинг жүргізуді және бағалаудағы талаппен негізделеді.

Глаукомамен ауыратын науқастарға көмек көрсетуді ұйымдастырудың халықаралық тәжірибесімен салыстыру Қазақстандағы қолданыстағы тәжірибеге салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік берді. Кешенді зерттеу негізінде глаукомамен ауыратын емделушілерге офтальмологиялық көмек көрсету жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары ғылыми негізделген. Белгіленген кадр тапшылығы мен теңгерімсіздік ауыл тұрғындарын офтальмологтармен басым қамтамасыз ету қажеттілігін негіздеді, мұны жергілікті атқарушы органдар «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыруда ескеруі қажет. Алғаш рет жүргізілген экономикалық есептеулер (модельдер) офтальмологиялық көмек көрсетудің әртүрлі кезеңдерінде қаражатты ұтымды бөлуге ықпал етуі мүмкін: скринингтік тексеру, глаукомамен ауыратын науқастарды емдеу және



бақылау, бұл ең аз шығындармен максималды медициналық тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері денсаулық сақтауды басқару органдарының, медициналық ұйымдардың басшыларының, сондай-ақ алғашқы медициналық-санитарлық көмек дәрігерлерінің және офтальмологтардың глаукомамен ауыратын науқастарға пациентке бағытталған көмекті қалыптастыру үшін пайдалануына арналған.

10) Искакова Балнур Аманкуловна - Measuring HIV-related stigma in healthcare settings.

Пациенттердің АИТВ-мен байланысты стигма туралы көзқарастары бірнеше зерттеулерде талқыланды, бірақ бұл мәселе АИТВ және негізгі популяциялар туралы денсаулық сақтау мамандарының көзқарастары негізінен зерттелмеген. Сенімді деректерді алу үшін қол жетімділігі шектеулі АИТВ-ға қатысты стигманы бағалаудың стандартталған және расталған құралдарының қазақ және орыс тілдерінде болуы өте маңызды.

Егжей-тегжейлі факторлық талдау арқылы бейімделген және расталған, медициналық қызметкерлер арасында АИТВ-ассоциацияланған стигма деңгейін бағалау құралын одан әрі Қазақстан Республикасының басқа медициналық ұйымдарында қолданып мәліметтер алу үшін ұсынуға болады. Сандық және сапалық әдістерді қолдана отырып жүргізілген зерттеулер нәтижесінде анықталған, АМСК ұйымдарының медицина қызметкерлерінің арасында АИТВ-мен байланысты стигманың айтарлықтай жоғары деңгейі АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың амбулаториялық-емханалық көмекке қол жеткізуіне кедергі болып, халықаралық сарапшылардың пікірінше, АИТВ індетінің одан әрі таралуына ықпал етеді. АИТВ аспектілері бойынша тренингтен өткен, АИТВ туралы жақсырақ білімі бар медицина қызметкерлері арасында стигманың төмен деңгейі АИТВ-ның берілу жолдары, стигма және кемсітушілік, стандартты сақтық шаралары, сияқты тақырыптарды қамтитын АИТВ бойынша одан әрі кешенді оқыту қажеттілігін көрсетеді.

Авторлық құқықпен қорғалатын объектіге құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы Куәлік алынды. Зерттеу нәтижелері Астана қаласындағы №8 қалалық емхананың жұмысына енгізілді.

11) Кабылбекова Алия Кайратовна - Комплексная оптимизация мероприятий по оказанию медицинской помощи детям с врожденной катарактой.

Қазақстанда бүгінгі күнге дейін туа біткен катарактасы бар балаларды диагностикалау, емдеу және туу алгоритмін дайындау тақырыптың өзектілігін, оның денсаулық сақтау дамуының қазіргі кезеңіндегі теориялық және практикалық маңыздылығын анықтайды.

Балалар офтальмологтары мен туа біткен катарактасы бар науқастардың ата-аналарына арналған әзірленген сауалнамалар, сондай-ақ нормативтік



құжаттарды талдау негізінде медициналық көмекті ұйымдастырудағы елеулі проблемалар анықталды. Практикалық денсаулық сақтауда қолдануға арналған ұйымдастыру шараларының алгоритмі әзірленді. Зерттеу нәтижелерін Алматы қалалық денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ МКҚК «№15 қалалық емхана», ШЖҚ МКҚК «Қалалық адам репродукциясы орталығы», Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ МКҚК «Қарасай көпсалалы ауданаралық ауруханасы», ЖШС «DAMED-2020» тәжірибеге енгізді.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау:

Диссертациялық жұмыстарды қарау кезінде диссертациялық кеңес мүшелерінің шешімімен 22 рецензент тартылды. Рецензент ретінде қарастырылып отырған диссертациялық жұмыстың тақырыбы мен сәйкес мамандықтары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына елеулі үлес қосқан ғалымдар бекітілді. Рецензенттерді іріктеу кезінде ғылыми кеңесшілер мен рецензенттердің тәуелсіздік қағидасы сақталды. Диссертация бойынша теріс пікірлер болған жоқ. Рецензенттер Бржеский В.В., Байсеркин Б.С. қорғауға қатыспады, рецензияларды ғылыми хатшы оқыды. Қалған рецензенттер диссертанттарды қорғауға толық қатысты.

Төменде диссертациялық жұмыстарды бағалау үшін шақырылған рецензенттер тізімі берілген:

– Идрисова Жаннат Рустемовна – медицина ғылымдарының докторы, профессор, С.Ж. Асфендияров Атындағы ҚазҰМУ-дың Неврология кафедрасының профессоры;


– Арингазина Алтын Муафиқовна – медицина ғылымдарының докторы, Altau Алматы Менеджмент Университетінің денсаулық ғылымдары мектебінің профессоры (2 қорғауда);

– Мусина Айман Аяшовна – медицина ғылымдарының докторы, профессор, Астана медицина университетінің Қоғамдық денсаулық және эпидемиология кафедрасының меңгерушісі (Астана, Қазақстан) (2 қорғауда);

– Изекенова Айгульсум Кулынтаевна – PhD, С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ университетінің АИТВ инфекциясы курсы бар эпидемиология кафедрасының доценті (Алматы, Қазақстан).

– Беркинбаев Салим Фахатович – медицина ғылымдарының докторы, профессор, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің кардиология кафедрасының меңгерушісі, «Қазақстан кардиологтар қауымдастығы» ҚБ президенті (Алматы, Қазақстан);

– Бримжанова Маржан Дихановна – PhD, «ЖҚДСМ» Қазақстан медицина университетінің қосымша кәсіптік білім беру департаментінің директоры (Алматы, Қазақстан).

| | | | |
|---|--|-------------|------------------------------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА» | | |
| | «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес | Жылдық есеп | Редакциясы: 1 15 беттің 14 беті |

– Корсак Владислав Станиславович – медицина ғылымдарының докторы, профессор, ФГБУ «НМИЦ АГП им. В.И. Кулакова, Ресейлік адам репродукциясы қауымдастығының президенті, EIM ESHRE консорциумды басқару комитетінің мүшесі, Репродуктивті медицина медициналық орталығының бас директоры (Мәскеу қ., Ресей Федерациясы);

– Нурхасимова Раушан Габбасовна – медицина ғылымдарының кандидаты, профессор, Х.А. Яссауи атындағы ХҚТУ медицина факультетінің акушерлік және гинекология кафедрасының меңгерушісі (Түркістан, Қазақстан).

– Глушкова Наталья Егоровна – PhD, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың эпидемиология, дәлелді медицина және биостатистика кафедрасының профессоры

– Туктибаева Сауле Актлеуовна – PhD, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің кафедра меңгерушісі (Түркістан қ., Қазақстан);

– Айтманбетова Акмарал Аршабаевна – медицина ғылымдарының кандидаты, «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ, қоғамдық денсаулық кафедрасының доценті (Алматы қ., Қазақстан).

– Танбаева Гульнур Зейнеловна – медицина ғылымдарының докторы, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ денсаулық сақтау саясаты және ұйымдастыру кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан);

– Тусупкалиева Кымбат Шариповна – медицина ғылымдарының кандидаты, «М. Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ эпидемиология кафедрасының доценті (Ақтөбе қ., Қазақстан).


– Капанова Гульнар Жамбаевна – медицина ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ медицина факультеті – Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебінің денсаулық сақтау саясаты және ұйымдастыру кафедрасының меңгерушісі (Алматы, Қазақстан).

– Мухамбетова Гульнара Амирзаевна – медицина ғылымдарының кандидаты, С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ Жүйке аурулары кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан).

– Ермуханова Людмила Сергеевна – медицина ғылымдарының кандидаты, «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау кафедрасының меңгерушісі (Ақтөбе қ., Қазақстан);

– Бржеский Владимир Всеволодович – медицина ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербург мемлекеттік педиатриялық медицина университетінің офтальмология кафедрасының меңгерушісі (Санкт-Петербург қ., Ресей Федерациясы).

– Байсеркин Бауыржан Сатжанович – медицина ғылымдарының докторы,

| | | | |
|---|--|-------------|------------------------------------|
|  | «С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА» | | |
| | «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес | Жылдық есеп | Редакциясы: 1 15 беттің 15 беті |

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қазақ дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК директоры (Алматы, Қазақстан).

– Байсугурова Венера Юрьевна – PhD, С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ университеті, Биостатистика және ғылыми зерттеулер негіздері кафедрасының доценті (Алматы қ., Қазақстан);

– Балмуханова Айгуль Владимировна – медицина ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, Каспий қоғамдық университеті, Халықаралық медицина мектебінің Хирургиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

– Жұмысты қорғауға қабылданғанға дейін ескертулермен және ұсыныстармен пысықтауға жіберу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

– Ресми рецензия негіздемесі диссертацияның әрбір бөлімі бойынша егжей-тегжейлі, кеңейтілген талдауды (түсініктемелермен) қамтуы керек.

7. Философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

- қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 11;

- қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0;

- рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0;

- қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0;

- қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – 0.

**Диссертациялық кеңестің
төрағасы**



М.К. Кульжанов

**Диссертациялық кеңестің
ғылыми хатшысы**



А.Б. Құмар